

Бекітемін:
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай- бақшасының
әдіскері А.Ә.Жақсылықова

«АЛТЫН КҮЗ ӘСЕМ АЙНАЛАМ, ЕЛІМЕ БЕРЕКЕТ СЫЙЛАҒАН»

(Ересектер «Ер Төстік» тобының ашық көрсетілімі)



Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова К

Таушық ауылы, 15.11.2024 жыл

Білім беру дағдысы :Танымдық ,коммуникативтік, әлеуметтік және зияткерлік , шығармашылық дағдыларын дамыту.

Ұйымдастырылған ашық іс-әрекеті: Қоршаған ортамен таныстыру , сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет, құрастыру, жапсыру, ұлттық мәдениет.

Тақырыбы. «Алтын күз әсем айналам, еліме берекет сыйлаған»

Мақсаты: Балалардың күз туралы түсінігін кеңейтіп, күз мезгілінің ерекшелігін бақылау. Қоршаған ортадағы табиғат өзгерістерін, күз мезгілінің құбылыстарының ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Табиғатты қорғауға, оның әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.

Білімділік: Ойлау қабілетін дамытуға, тіл шеберлігін білімге деген құштарлығын, қызығушылығын арттыру.

Дамытушылық: Табиғат ерекшеліктерін, өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыта отырып, сөздік қорларын молайту және айта білу дағдысын дамыту.

Тәрбиелік: Айналаны, қоршаған ортаны қорғауға, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: Таныстыру, түсіндіру, сұрақ-жауап, ойын.

Көрнекіліктер: Қолшатыр, жемістер мен көкөністер, жапырақтар, жіптер, бояулар, фетр және дидактикалық көрнекіліктер.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысы:

I.Кіріспе бөлім:

Шаттық шеңбер:

Достар бері келіндер,
Қолдарыңды беріндер.
Шаттық толы шеңберге,
Қуанышпен еніңдер.
Достарымның барлығын,
Сыйлап жақсы көремін.
Алақаным арқылы,
Жылуымды беремін.

Сұрақ-жауап:

(додэкадр арқылы сұрақтарға жауап алу)

-Қазір жылдың қай мезгілі?

-Күз мезгілі.

-Күз мезгілінің неше айы бар?

-Үш айы бар.

-Қане, айлардың аттарын атап беріндерші?

-Қыркүйек, қазан, қараша.

-Күз мезгілінде ауа-райы қандай болады?

- Салқын, жел, жаңбыр жауады.
- Күз мезгілінде табиғатта қандай өзгерістер болады?
- Ағаштың жапырақтары қурап, жерге түседі.
- Құстар жылы жаққа ұшып кетеді.
- Адамдар жылы киіне бастайды.
- Күзде адамдар қандай еңбек етеді?
- Барлық жеміс-жидектер пісіп жетіледі, адамдар оны күзде жинап алады.
- Жарайсыңдар!

II. Негізгі бөлім:

Тосын сәт: Найзағай соғып, сіркіреген жаңбырдың, желдің дауысы естіледі. Қолшатыр ұстаған «Алтын күз» келеді.

Алтын Күз: Сәлеметсіздер ме балалар!

-Сәлеметсіз бе!

Алтын Күз: Әдептілік белгісі, иіліп сәлем бергені, -демекші сәлемдесу ол әдептіліктің белгісі балалар. Жарайсыңдар! Балалар, мені таныдыңдар ма?

-Ия. Алтын күз.

Алтын Күз: Өте жақсы. Ендеше күзде нелер піседі?

-Жемістер мен көкөністер піседі.

Алтын Күз: Күзде адамдар қандай еңбек етеді?

-Жер жыртады. Егін орады. Піскен егін алқабын жинап алады. Қысқа дайындық жасайды.

Алтын Күз: Жарайсыңдар! Олай болса күз туралы кім тақпақ біледі.

Айдай: Астық толы қамбаға,

Жеміс пісіп бақшада.

Жапырақтар сарғайып,

Күз де келді далама.

Әдемі: Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезің бұзық-ау.

Жаңбырың сіркіреп,

Келгенің қызық-ау.

Күнтай: Сарғайды тоғай

Сап-сары маңай

Соңғы әнін айтып,

Құс кетті қайтып.

Исмайл:

Жапырақ ұшты

Суық та түсті.

Сонда да бізге,

Қызық көп күзде.

Сартай: Сап-сары ала теректер,

Сап-сары ала атырап.

Сәл тербелсе самал жел,

Түсіп жатыр жапырақ.

Аянат: Қарашы күз келді, күз келді.

Сары алтын жауыпты іздерді.

Құс біткен керуен түзеді.

Көңілсіз неліктен күз енді?

Мадина: Шаттандырып біздерді,

Шат шадыман күз келді.

Шатыр тікті сары алтын,

Шартараптың бәрі алтын.

Алтын Күз: Жарайсыңдар! Балалар менде сендерге құр қол келген жоқпын. Өзіммен бірге сыйымды да ала келдім. Балалар менің қолымдағы не екенін білесіңдер ме? Бұл –қазақтың ұлттық бұйымы «қоржын» деп аталады. Мен өз сыйымды осы қоржынға салып ала келдім.

Тәрбиеші: Ендеше, балалар күздің сыйын сендер еңбекпен алу керек. Күз туралы өз білімдеріңді көрсетулерің керек. Сонда ғана қоржындағы сыйды сендерге тарту етеді.

Алтын Күз: -Балалар, мен сендерге ойындар ала келдім. Келіңдер менің қолшатырыма жинала қойыңдар.

«Қолшатыр» ойыны.

Шарты: Музыка ойналады. Қолшатырмен айнала билейді. Қолшатырдан сары жапырақтар төгіледі. Жапырақтарда бейнеленген жемістер мен көкөністерді атайды. Түстерін ажыратады және сипаттайды. Олардың пайдасы туралы айтады. Кенеттен жаңбыр жауған дауыс естіледі. Балалар қолшатырға қайтадан жиналады.

Тәрбиеші: Балалар, ендеше шығармашылық алаңына барайық.

Шығармашылық алаңына оюлы текеметтің көмегімен серігіп баратын боламыз.

«Оюлы текемет»

Шарты: Текеметте берілген оюлармен танысады. Түстерін атайды. Сол түсті оюдың үстінен секіріп өтеді.

Күз жапырақтарын таңдай отырып шығармашылық алаңдарына бөлінеді.

1. **Сары түсті жапырақ** – мүсіндеу:

Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»

Мақсаты: Балалардың жемістер мен көкөністер туралы түсінігін айту. Түрін, түсін сипаттау. Пайдасы туралы айту. Қол моторикасын дамыту.

2. **Жасыл түсті жапырақ - сурет салу:** **Тақырыбы:** «Жапырақтар»

Мақсаты: Күз мезгілінің жапырақтарының түстерін атай білу, қылқаламмен жұмыс жасай білу.

3. **Қызыл түсті жапырақ - жапсыру:** «Жемістер мен көкөністер»

Мақсаты: Жемістер мен көкөністер туралы түсінігін айту. Түрін, түсін сипаттау. Пайдасы туралы айту. Қол моторикасын дамыту.

Сергіту сәті:

Таң атты. (Ұйқыдан оянғандай орындарынан тұрады)

Күннің көзі шықты. (Екі қолдарын айқара ашады)

Жел соға бастады. (Екі қолдарымен тербеледі)

Жапырақтар айналып жерге түсті. (Айналады)

Жаңбыр жауа бастады. (Отырып,екі алақанмен жерді соғады)

Жаңбыр қатты жауа бастады.(Қолдарымен жерді тез-тез соғады)

Жаңбыр тоқтады.(Орындарынан тұрады)

Қайтадан күн шықты. (Қолдарын айқара ашады)

-Жарайсыңдар, балалар! Ендеше, екі топқа бөліне қойыңдар.

Сюжеттік-рольдік ойыны: «Асхана», «Дүкенші»

Шарты: Жемістермен көкөністерді турап салат жасайды.Дәмін татады.

Дүкен сатушысынан балалар жемістер мен көкөністер сатып алады.

Мақсаты: Балалардың әлеуметтік, танымдық дағдыларын дамыту. Ойынға деген қызығушылығын арттыру.

Алтын күз: -Жарайсыңдар,балалар! Сендер білімді балалар екенсіңдер.Сендер алтын күз туралы өте жақсы біледі екенсіңдер.Мен сендерге ризамын! Ендеше, мен өзіммен ала келген күз сыйымды сендерге тарту етейін. Мен сендермен қоштасамын.Келесі жылы кездескенше аман сау болыңыздар!

Қорытынды:

-Балалар сендерге ұйымдастырылған іс-әрекеті ұнады ма?

-Қай бөлімі ұнады?

-Бізге қонаққа кім келді?

-Маған сендердің күз туралы тақпақ айтқандарың ұнады.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар! Сендер бүгінгі ашық іс-әрекетіне өте жақсы қатыстыңдар! Олай болса, келген қонақтарымызбен қоштасайық.

-Қош,сау болыңыздар!

